

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары – 17: «Қазіргі аграрлық ғылым: цифрлық трансформация» атты халықаралық ғылыми – тәжірибелік конференцияға материалдар = Материалы международной научно – теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 17: «Современная аграрная наука: цифровая трансформация», посвященной 30 – летию Независимости Республики Казахстан.- 2021.- Т.1, Ч.1 - С.243-246

«БАЙСЕРКЕ-АГРО» ЖШС ЖЫЛҚЫЛАРДЫ СЫРТҚЫ ПІШІНІ, ДЕНЕ БІТІМІ БОЙЫНША БАҒАЛАУ

*Сұлтанов Ө.С.,
Бақыт Ш.,
Ешмұрат Р.О.*

Қазақстанда жылқы шаруашылығы – мал шаруашылығының жетекші саласының бірі. Бұл саладан өндірілетін ет, сүт тағамдарымен қатар, жылқы терісі жеңіл өнеркәсіптік былғары бұйымдарына, вакцина және қан сарысуын (сыворотка) жасауға кеңінен қолданылады. Халықаралық көрмелерде де жылқыға деген талап артып отыр.

Республика жылқы шаруашылығында бие сүтінен жасалатын шипалы сусын – қымыз, диеталық жылқы еті өндіріледі және ол бағалы тері өнімдерін алудың да қосымша көзі. Сонымен қатар қазіргі кездері Қазақстан Республикасында ат спортының классикалық және ұлттық түрлері, жазықтағы ат шабыстары, ат туризмнің жұмыстары қарқынды дамуда.

Осы бағыттағы зерттеу жұмыстары Алматы облысындағы «Байсерке – Агро» ЖШС-де жүргізілді. Зерттеу нысаны ретінде онда өсірілетін таза қанды салт міністі жылқы тұқымдары алынып, олардың түр-тұлғасы, дене тұрқының даму көрсеткіштері бағаланды.

Жылқылардың зоотехникалық қасиетін көрсететін маңызды көрсеткіштің бірі - малды экстерьері мен конституциясына қарап бағалау, яғни сыртқы пішіні, дене бітімі, түр-тұлғасына қарап белгілі бір қорытынды жасауға болады.

Экстерьер туралы ілім малдың сыртқы пішіні мен қызметінің арасындағы байланыс барлығына, яғни бұрыннан диалектикалық даму ұғымына негізделген. Сыртқы пішіні, дене бітімі, түр-тұлғасы мен физиологиялық қызметтің арасындағы нақтылы байланысты П.Н. Кулешов зерттеп [1] малға тәжірибе барысында дәлелдеген.

Малдың дене бітіміне баға беру үшін, алдымен оның түр-тұлғасын зерттеу керек. Бұл тақырыпты П.Н. Кулешовтан басқа зерттеген Богданов Е.А.[2], Лискун Е.Ф. [3], Свечин К.Б. [4], Демин В.А. [5] және қазақстандық Барминцев Ю.Н. [6], Беляев А.И. [7], Садыков Б.Х. [8], Dashper K. [9], секілді ғалымдар мал организмінің формасы мен қызметінің, дене бітімі мен өнімділігінің арасындағы байланысты дәлелдеп, экстерьерге баға бергенде

малдың өнімділік бағытын басшылыққа алу қажет екендігін баса айтады.

Бұл істерді жүзеге асыруда көзбен көргенді толықтыратын маңызды көрсеткіш - малдың дене өлшемдері. Дене өлшемдері малдың даму көрсеткішін, экстерьерлік ерекшелігін сипаттайды [10].

Біздің зерттеуде алынған таза қанды салт мінетін тұқымдық жылқыларының саны-15 бас. Жұмыстың нәтижесі, яғни таза қанды салт мінетін жылқылардың дене өлшемдері 1- кестеде берілді.

1-кесте. Жылқылардың дене өлшемдері (см)

№	Жылқы аты	Туған жылы	Шоқтығының биіктігі	Тұрқының қиғаш ұзындығы	Кеуде орамы	Жіліншік орамы
1	Фракассант	2000	160,0	166,0	188,0	23,5
2	КингОфМаппен	2001	160,0	162,0	190,0	21,5
3	Merlini	2003	163,0	171,0	193,0	21,5
4	Эдельвейс	2003	162,0	167,0	192,0	22,5
5	Кризби	2006	157,0	163,0	185,0	21,5
6	Хазар	2010	158,0	162,0	182,0	19,0
7	Одиссей	2010	163,0	168,0	193,0	24,5
8	Лафит	2011	158,0	160,0	180,0	18,8
9	Подарок	2011	158,0	162,0	183,0	20,0
10	Суфлер	2011	157,0	162,0	184,0	20,5
11	Господарь	2011	162,0	169,0	195,0	23,5
12	Посол	2012	161,0	167,0	196,0	21,5
13	Тамерлан	2012	156,0	161,0	181,0	19,5
14	Султан	2013	159,0	163,0	188,0	22,0
15	Хан	2017	158,0	163,0	185,0	19,0

1- кесте бойынша берілген мәліметтерге сәйкес "Байсерке-Агро" ЖШС шаруашылығының таза қанды салт мінетін жылқыларының дене өлшемдері алынды. "Байсерке-Агро" ЖШС шаруашылығының таза қанды салт мінетін жылқыларынан алынған дене өлшемдері бойынша: шоқтығының биіктігі – 157 – 163 см аралықты құрады, тұрқының қиғаш ұзындығы 161 - 169 см, кеуде орамы 181 см мен 196 см аралығын, жіліншік орамы – 18,8 - 23,5 см аралығын құрады. Шоқтығының биіктігі мен тұрқының қиғаш ұзындығы арасындағы қатынас, байланыс жылқының денесінің пропорционалдығын көрсететіні белгілі. Бұл белгі бойынша, яғни шоқтығы мен денесінің ұзындығы арасындағы айырмашылық аттарда 4 – 6 см құрады. Бұл қалыпты көрсеткіш. Келесі көрсеткіш кеуде орамы арасында айырмашылық әжептәуір – 15 см болды. Бұл аттардың сүйектілігі арасы мен интерьерлік ерекшеліктеріне байланысты болар деп ойлаймыз.

Кестеде берілген мәліметтер бойынша, «Байсерке - Агро» ЖШС өсірілетін салт мінетін жылқылардың орташа дене өлшемдері: 152,5-153,0-175,8-0,20,

«Байсерке - Агро» ЖШС өсірілетін салт мінетін жылқылардың дене өлшемдері (шоқтығының биіктігі, тұлғасының қиғаш ұзындығы, кеуде орамы, жіліншік орамы) тұқымдық стандартымен салыстырғандағы мәліметтері 2- кестеде берілген.

2-кесте. Таза қанды салт мінетін жылқылардың дене өлшемдерін тұқымдық стандартымен салыстыру

Көрсеткіштері	Дене өлшемдері, см			
	Шоқтық биіктік	Тұрқының қиғаш ұзындығы	орамы	
			Кеуде	Жіліншік
M±m	159,5	164,4	187,6	22,6
Тұқым стандарты	155-170	158,0	175-185	18-21
Ауытқуы ±	+4,5	+6,4	+1,6	+1,6

Шаруашылықтағы өсірілетін салт мінетін жылқылардың айғырлары мен биелері әжептеуір ірі және тұқым стандартынан орташа дене өлшемдері деректерінің артатындығы 2-кестедегі мәліметтерден көрінеді. Мәселен, жылқылардың шоқтығының биіктігі бойынша тұқым стандартынан –4,5 см, тұрқының қиғаш ұзындығы –6,4 см, кеуде орамы –1,6 см және жіліншік орамы –1,6 см-ге артады.

Қорыта келгенде, «Байсерке - Агро» ЖШС өсірілетін таза қанды салт мінетін жылқылардың дене өлшемдері (шоқтығының биіктігі, тұлғасының қиғаш ұзындығы, кеуде орамы, жіліншік орамы) тұқымдық стандартымен салыстырғанда кем еместігі, қайта кейбір көрсеткіштер бойынша жоғары екендігі байқалды.

Әдебиеттер тізімі

1. Кулешов П.Н. Выбор по экстерьеру лошадей, скота, овец и свиней. - М.:Сельхозгиз, 1937. - 207с.
2. Богданов Е.А. Типы телосложения с.-х. животных и человека (общие зоотехнические основы экстерьера).- Госиздат.-1923.-311с.
3. Лискун Е.Ф. Экстерьер сельскохозяйственных животных. М.: Государственное издательство с.-х. литературы, 1949. - 312с.
4. Свечин К.Б. Индивидуальное развитие сельскохозяйственных животных /Свечин К.Б. //- Ордена «Знак почета». Киев: Урожай 1976. - С. 286-290.
5. Демин В.А. Формирование отдельных экстерьерных признаков буденновской породы / Демин В.А. // Автореф. дис. канд. с.-х. наук. - М., 2002. - С. 12-13.

6. Барминцев Ю.Н. Эволюция конских пород в Казахстане / Барминцев Ю.Н. // Алма-Ата: Казгосиздат, 1958. С. 112-123.

7. Беляев А.И. Методы и результаты улучшения лошадей казахской породы типа джабе. / Беляев А.И // Автореф. дис. канд. с.-х. наук. -Москва, 1969. -15 с.

8. Садыков Б.Х. и др. Сравнительные показатели комплекции казахских и улучшенных лошадей / Садыков Б.Х. // Тр. Семипалат. зоовет. ин-та. - Алма-Ата: Кайнар, 1971. - С. 43-49.

9. Dashper K. Tools of the Trade or Part of the Family? Horses in Competitive Equestrian Sport // Web of Science SOCIETY & ANIMALS - Volume 22, Issue 4, 2014, P. 352-371

10. 12. Бегімбетова Г., Исхан Қ. Жылқы шаруашылығы практикумы: оқу құралы. – Алматы: Нұр-Принт, 2014.-16-22-б.